



2015ж. қаңтар-қазан


ҚР Ұлттық Банкі

## Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

### Негізгі түйіндер

#### 2015 ж. қазанында экономиканың өсу қарқындарының баяулауы жалғасты

2015ж. қаңтар-қазанында қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен жылдың сәйкес мерзімімен салыстырғанда 100,5%-ға дейін баяулады. Өнеркәсіпте, соның ішінде кен өндіруде өндіріс көлемдерінің қысқаруы мен саудада өсу қарқындарының төмендеуі байқалды.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделеді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі көлемі 67-68%-ды құрайды.

## 1. Макроэкономикалық индикаторлар

### 1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

р/с№	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-қазан	2015ж. қазан	% -бен		2015ж. қазаны 2015ж. қыркүйегіне
					2014ж. қаңтар-қазанына	2014ж. қазанына	
A	Б	1	2	3	4	5	
1	<b>ІЖӨ (2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін алдын-ала деректер)</b>	млрд.теңге	<b>27 748,6</b>		<b>101,0</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд.теңге	11 646,5	1 317,2	98,7	96,1	109,4
3	Ауылшаруашылығы	млрд.теңге	2 244,7	378,3	101,9	96,6	46,6
4	Құрылыс	млрд.теңге	2 172,9	318,9	103,8	100,0	103,5
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд.ткм.	418,0	46,3	92,6	90,4	102,3
6	Байланыс	млрд.теңге	568,2	58,0	101,7	101,2	101,1
7	Сауда	млрд.теңге	4 970,0	554,2	101,3	93,0	95,6
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд.теңге	5 320,2	656,2	103,8	106,0	93,8
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%	-	-	105,3	109,4	105,2
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%	-	4,9	-	-	-

### Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2015ж. қаңтар-қыркүйегі	2015ж. қыркүйегі	% -бен		2015ж. қыркүйегі 2015ж. Тамызына
					2014ж. қаңтар-қыркүйегіне	2014ж. қыркүйегіне	
A	Б	1	2	3	4	5	
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл.	58 878,2	6 045,2	63,6	55,9	96,4
1.1.	- экспорт	млн. долл.	35 733,2	3 714,3	57,5	52,6	102,8
1.2.	- импорт	млн. долл.	23 145,0	2 330,9	76,2	62,1	87,7
2	Орташа жан басына шаққандағы ном.ақшалай кіріс	мың теңге	579,8	64,6	106,3	104,8	98,6
3	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	-	121,8	-	102,6	97,5
4	Нақты жалақы индексі (бағалау)	%	-	-	-	98,3	-

Ескерту: Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМКС), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, РФ Мемлекеттік Статистика Федералдық қызметінің деректері қолданылған. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай деректерде қарқынды бірқатар өзгерістер болуы ықтимал.

Қабылданған қысқарулар: ІЖӨ-ішкі жалпы өнім, ТМД-Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ-нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\* - бағалау



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдері мен көлік саласындағы жүк айналымының азаюына және сауда саласында өсу қарқындарының баяулауы есебінен экономикалық өсу қарқыны баяулады.

## Оң үдерістер

р/с №	2015ж. қаңтар-қазан %-бен 2014ж. қаңтар-қазанына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015ж. қаңтар-қыркүйегі %-бен 2014ж. қаңтар-қыркүйегіне
1. ІЖӨ (2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін алдын-ала деректер)	101,0	өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы мен саудадағы өсу қарқындарының төмендеуі	
2. Өңдеу саласы	100,5	металлургия өнеркәсібінде өндіріс көлемдерінің ұлғаюы	100,7
3. Ауылшаруашылығы	101,9	мал және өсімдік шаруашылығындағы өнім шығарудың біркелкі өсу қарқындары	103,1
4. Құрылыс	103,8	құрылыс-монтаждау көлемдерінің ұлғаюы	104,5
5. Байланыс	101,7	Интернет желісі мен басқа телекоммуникациялық қызметтерінің ұлғаюы	101,7
6. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	101,3	базарлар мен жеке кәсіпкерлер саудасының өсуінің жалғасуы	102,4
7. Негізгі капиталға инвестициялар	103,8	меншік қаражаты есебінен негізгі капиталға қаржыландырудың ұлғаюы	103,5

2015 ж. қаңтар-қыркүйегінде өнеркәсіп саласында тау-кен өндірудің есебінен төмендеу байқалды. Импорт пен экспорттың қысқаруы сыртқы сауда айналымының төмендеу қарқынының ұлғаюына себепші болды.

## Теріс өзгерістер

№пп	2015ж. қаңтар-қазан %-бен 2014ж. қаңтар-қазанына	Факторлар	Анықтама үшін: 2015ж. қаңтар-қыркүйегі %-бен 2014ж. қаңтар-қыркүйегіне
8. Өнеркәсіп	98,7	тау-кен саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы	99,0
8-1. Тау-кен өндіру саласы	97,8	шикі мұнай,көмір мен линит, металл және темір рудаларын өндіруінің төмендеуі	98,2
9. Көлік (жүк айналымы)	92,6	теміржол көлігіндегі жүк айналымының азаюы	92,8
10. Инфляция	105,3	азық-түлік емес тауарларына баға деңгейінің өсуі	104,8
11. Сыртқы сауда айналымы*	63,2	экспорт пен импорттың төмендеуі	64,7
11-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт*	57,5	минералды өнімдер, соның ішінде отын-энергетикалық тауарлар бойынша экспорттық түсімдердің қысқаруы	58,2
11-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт*	76,2	жабдықтар мен машиналар импортының қысқаруы	78,2

\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп жарияланады. Осы себеппен, кестенің сол жақ бағанасында мәліметтер 2015ж. қаңтар-қыркүйегі 2014ж. қаңтар-қыркүйегіне %-дық есеппен, ал оң жақ бағанасында 2015ж. қаңтар-тамызы 2014ж. қаңтар-тамызына %-дық есеппен келтірілген.




## Жалпы ішкі өнім

## 1.3. ЖІӨ өндіріс әдісімен

2015ж. қаңтар-қыркүйек үшін ІЖӨ 1,0%-ға өсті

ҰЭМСК-нің алдын-ала деректері бойынша, ЖІӨ 2015ж. қаңтар-қыркүйегінде нақты көрсеткіште 1,0%-ға ұлғайып, 27,75 трлн. болды.

Тауарлар өндірісі 0,3%-ға, ал қызмет көрсету 2,4%-ға өсті. 2014 жылғы осы көрсеткіштермен салыстырғанда, қызметтерді өндіруінің өсуі 3,3%-ға баяулады, бұл ретте ЖІӨ құрамындағы қызметтердің үлесі 56,5%-ды құрады.



2015 жылдың 3 тоқсандарының қорытындылары бойынша, ауыл шаруашылығы, құрылыс пен қызмет көрсету секторы ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесті енгізді. Өнеркәсіп өндірісінің көлемдерінің қысқаруы теріс әсерін тигізді.


## 1.4. Түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ

2015 жылдың 1-жартыжылдығында түпкілікті пайдалану әдісімен ЖІӨ 1,4%-ға ұлғайды

ҰЭМСК деректері бойынша, 2015ж. 1 жартыжылдығында ЖІӨ нақты көрсеткіш бойынша 1,4%-ға ұлғайып, 15,81 трлн. теңге болды. Түпкілікті тұтыну шығыстары 1,5%-ға өсті, жалпы жинақтау 2014 жылдың тиісті кезеңіне шаққанда 3,8%-ға өсті.

Өсуге мем. басқару органдарының (1,9%-ға), үй шаруашылықтарының (1,4%-ға), ҰШҚҚҰ\* (3,5%-ға) түпкілікті тұтыну шығыстарының, сондай-ақ негізгі капиталды жинақтау шығыстарының ұлғаюы (2,8%-ға өсу) себепші болды.

Таза экспорттың үлесі 13,7%-ға төмендеді. Тауарлар мен қызметтердің экспорты 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,4%-ға, импорты 8,1%-ға төмендеді.




\* - ҰШҚҚҰ - үй шаруашылықтарына қызмет көрсетуші коммерциялық емес ұйымдар

## 1.5. ТМД елдеріндегі ЖІӨ

2015 жылдың 3-тоқсанының қорытындылары бойынша - Өзбекстан ЖІӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы

ҰЭМСК және ТМД Статистикалық Комитетінің деректері бойынша 2015ж. 9 айдың қорытындылары бойынша ТМД елдерінің арасында ЖІӨ-нің 2014 жылдың тиісті кезеңіне қатысты ең көп өсу Өзбекстанға тиесілі (8,0%-ға өсу). Украинада 2015 жылдың 3-тоқсанында ЖІӨ-нің 7,0%-ға төмендеуі байқалды.



\* - Армения мен Молдова бойынша ІЖӨ деректері 2015ж. 6 ай үшін көрсетілген.

## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


**Мұнайдың бағасы**

Мұнай бағасының өзгеруі өнеркәсіптегі баға деңгейіне және тиісінше өндірістің құндық көлеміне айтарлықтай ықпал етеді. Бір жылдың ішінде Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 44,9%-ға төмендеп, 2015ж. қазанында баррельге 48,1\$ құрады. Тау-кен өндіру саласында өндірістің нақты көлемі 2014 жылдың сәйкес көрсеткіштерімен салыстырғанда 5,7%-ға төмендеді, ал ақшалай көрсеткіште 24,4%-ға төмендеді.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемі**

Өнеркәсіп өндірісінің негізгі үлесін өңделмеген мұнай өндірісі алып отыр, 2015ж. қазанында оның үлесі сәйкесінше 38,0%-ға тең болды.

2015ж. қаңтар-қазанында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. қаңтар-қазанына қарағанда 1,5%-ға төмендеді. 2015ж. қазанында өңделмеген мұнайды өндіру (натуралды көрсеткіште) 2014ж. қазанына қарағанда 5,4%-ға төмендеді. 2015 ж. қазанында тау-кен өндіру саласының НКИ-і 2014 қазанымен салыстырғанда 5,7%-ға төмендеді, ал 2015 жылдың қыркүйегімен салыстырғанда 15,9%-ға есті\*\*.

\* - <http://econ.worldbank.org>\*\* - <http://stat.gov.kz>: 2015 жылғы қаңтар-қазанындағы өнеркәсіп жұмысының көрсеткіштері**Сыртқы сұраныс**


Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2015 жылдың қаңтар-қыркүйегіндегі ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 54,1%-ға тең болды), Қытайға (12,0%) және Ресейге (9,4%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2015 ж. 3 тоқсандарының қорытындылары бойынша өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда ЕО ІЖӨ-інің жылдық өсуі (28) 1,9%-ға тең болды, Қытайда - 6,9%, ал Ресейде ІЖӨ 4,1%-ға төмендеді.

**Сыртқы сауда айналымы****2015ж. қаңтар-қыркүйегі**

2015ж. қаңтар-қыркүйегінде сыртқы сауда айналымы 36,4%-ға төмендеді (экспорт 42,5%-ға, импорт - 23,8%-ға төмендеді). 2015ж. қыркүйегінде (2014 ж. қыркүйегімен салыстырғанда) сыртқы сауда айналымы 44,1%-ға төмендеді (экспорт 47,4%-ға, импорт 37,9%-ға қысқарды).

Экспорттың құрылымында минералды өнімдер (2015ж. қаңтар-қыркүйегінде-73,8%), импортта - машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, құралдар және аппараттар (40,5%) басымдыққа ие.

2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде экспорт ЕЭО елдерімен 2014 ж. тиісті кезеңіне қарағанда 29,2%-ға қысқарды, импорт - 24,1%-ға төмендеді.


**Экономикадағы ақша ұсынысы**

Қазақстанның несие нарығына ықпал ететін сыртқы факторлардың қарама-қарсы бағытын ескерткен жөн. Әлемдік экономикада теріс үрдістер байқалауда: Қытай экономикасының баяулауы мен шикізат тауарларындағы дағдарыс дамушы елдерден капиталдың кетуіне әкеліп соғады. Алайда, Қазақстан Үкіметінің қабылданған шаралары экономиканы қолдауға бағытталған: Ұлттық қор активтерінен экономиканы қолдау үшін қаражат бөлінді: банктер арқылы шағын және орта бизнес субъектілерін несиелендіруге 100 млрд. теңге мөлшерінде, бұдан басқа 250 млрд. теңге банктердің жұмыс істемейтін несиелерімен жұмыс істеу үшін "Проблемалық кредиттер қоры" АҚ-тың жарғылық капиталын толықтыруға жіберілді. Осы шаралар қаражаттың игерілуі екінші деңгейлі банктер арқылы жүзеге асатынын білдіреді.

**Несиелер бойынша берешек\***

2015ж. қазанында несиелендірудің жалпы көлемі өткен айға шаққанда 1,1%-ға артып, 11,7 трлн. теңгені құрады.

Несиелендірудің жалпы көлемінің жылдық төмендеуі баяулады. 2015ж. қыркүйектің аяғында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда несиелендірудің көлемі 1,6%-ға төмендеген. Қазкоммерцбанк АҚ-ы мамыр айында банкілік операцияларды жүзеге асыруға лицензиясы қайтарылған "БТА Банк" АҚ-ына несиелердің басым бөлігін тапсырғанын айтып кеткен жөн. Жыл басынан бері, 2015 ж. қазанның аяғына қатысты, құрылыс және сауданы несиелендіру тиісінше 19,5% және 0,5%-ға төмендеді. 2015 ж. қазанында жаңа несиелерді берудің көлемі 2014 ж. қазанымен салыстырғанда 20,2%-ға төмендеді.



\* - кезең соңындағы деректер бойынша

\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет




## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКИ

## Тауарлар өндірісі

2.1. Өнеркәсіп


## Өнеркәсіп өндірісінің төмендеуі

2015 жылдың қаңтар-қазанында өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңіне 1,3%-ға азайды (2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде 1,0%-ға азаю, 2014ж. қаңтар-қазанында - 0,3%-ға төмендеу). Төмендеуіне тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемдерінің қысқаруы себепші болды.




## Тау-кен өндіру - өндіріс көлемдерінің төмендеуі

2015 жылдың қаңтар-қазанында тау-кен өндіру саласындағы өндіріс көлемі 2014 жылғы тиісті кезеңіне 2,2%-ға төмендеді (2015ж. қаңтар-қыркүйегінде - 1,8%-ға төмендеу). Өңделмеген мұнай өндіру 1,3%-ға төмендеді (2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде - 0,8%-ға төмендеу), металл және темір рудаларын өндіру сәйкесінше 2,2% мен 19,9%-ға төмендеді. 2015ж. 10 айдың қорытындылары бойынша түсті металлдар рудаларын өндіру 4,0%-ға өсті.




## Өңдеу - өсу қарқындарының сақталынуы

2015ж. қаңтар-қазанында сала бойынша ұлғаю 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 0,5%-ды құрды (2015 ж. қаңтар-қыркүйек үшін - 0,7%-ға ұлғаю). Асыл және түсті металлдар өндірісі 26,0%-ға өсті, металлургия өнеркәсібіндегі өндіріс көлемі 15,3%-ға ұлғайды (2015 жылдың қаңтар-қазанында өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі 36,1%-ды құрады). Бұдан басқа, 2015ж. қаңтар-қазанында тамақ өнімдерін өндірудің көлемі өткен жылдың тиісті кезеңіне 0,6%-ға төмендеді.

2.2. Құрылыс

## Өсу қарқындарының төмендеуі

2015 жылдың қаңтар-қазанында жүргізілген құрылыс жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,8%-ға өсті. 2015 ж. қаңтар-қазанында өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарының көлемі сәйкесінше 21,0% бен 11,8%-ға төмендеді. Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 7,6%-ға ұлғайып, құрылыс жұмыстары құрамындағы үлесі 88,1%-ға тең болды.






### 2.3. Ауылшаруашылығы

#### Мал және өсімдік шаруашылығындағы өсу қарқындарының төмендеуі

Ауылшаруашылығы секторы 2015 жылдың қаңтар-қазанында 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 1,9%-ға өсті (2015 жылдың қаңтар-қыркүйегінде - 3,1%-ға өсу). Мал шаруашылығындағы және өсімдік шаруашылығындағы өнім көлемдерінің өсу қарқындары баяулады (өсу 2014 жылдың тиісті кезеңіне қарағанда сәйкесінше 2,9% бен 1,2%-ды құрады).




### Қызмет көрсету саласы

### 2.4. Сауда

#### Тауар айналымдағы өсу қарқындарының төмендеуі


2015ж. қаңтар-қазанында бөлшек тауар айналымының көлемдері 2014ж. қаңтар-қазанымен салыстырғанда 1,3%-ға ұлғайды (2015ж. қаңтар-қыркүйегінде - 2,4%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-қазаны - 12,3%-ға өсу). 2015ж. 10 айы үшін жеке кәсіпкерлердің сауда көлемі өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,2%-ға өсті, бөлшек тауар айналымындағы бұлардың үлесі - 47,7%. Сонымен қатар, сауда кәсіпорындарының сауда көлемдері 2,0%-ға қысқарды.



### 2.5. Көлік

#### Жүк айналым көлемінің азаюы


2015ж. қаңтар-қазанында көлік секторындағы жүк айналым көлемі 2014ж. қаңтар-қазанымен салыстырғанда 7,4% азаюды көрсетті, бұл теміржол көлігіндегі жүк ағынының 15,9%-ға азаю себебінен болды (оның жүк айналымының жалпы көлеміндегі үлесі - 46,5%).



### 2.6. Байланыс

#### Өсу қарқындарының сақталынуы

2015ж. қаңтар-қазанында байланыс қызметіндегі көлемінің ұлғаюы 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,7%-ды құрады (2015ж. қаңтар-қыркүйегінде - 1,7%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-қазанында - 8,5%-ға өсу). Өсудің негізгі факторлары - байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 28,3% болатын интернет желісінің қызметтерінен түскен кірістердің 18,0%-ға және байланыс қызметтерінің құрамындағы үлесі 15,3% болатын өзге телекоммуникациялық қызметтер көлемінің 37,4%-ға өсуі.






## 3. Инфляция

## 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

## Инфляцияның өсуі

2015 жылдың қаңтар-қазанында инфляцияның деңгейі 2014 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 5,3%-ға тең болды, бұған барлық тауарлар топтарының бағаларының өсуі себепші болды. 2015ж. қазанында инфляция өсуінің қарқындары жылдық есеппен алғанда 9,4%-ға дейін жеделдеді (2014ж. қазанында - 7,5%), айлық өсу 5,2%-ды құрады. 2015ж. қазанында азық-түлік тауарларының бағалары өткен айға қарағанда 4,6%-ға, ал азық-түлік емес тауарлары 10,2%-ға өсті.



## 4. Инвестициялар

## 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

## Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты

2015ж. қаңтар-қазанында инвестициялардың көлемі 2014ж. тиісті кезеңімен салыстырғанда 3,8%-ға өсті (2015ж. қаңтар-қыркүйегінде - 3,5%-ға өсу, 2014ж. қаңтар-қазанында - 5,1%-ға өсу). Инвестициялардың негізгі көзі - кәсіпорындардың меншікті қаражаты, бұлардың үлесі 58,0%-ды құрады.




## 6. Еңбек нарығы

## 6.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

## Жұмыссыздық деңгейі өзгермеді

Соңғы 5 жылда жұмыссыздық деңгейі рекордтық төменгі көрсеткішке дейін төмендеді және соңғы айларда 4,9-5,1% шегінде қалып отыр. 2015ж. қазанында 2014 ж. қазанымен салыстырғанда жұмыспен қамтылғандар саны 1,6%-ға азайып, ал жұмыссыздар саны 3,6%-ға төмендеді. Жұмыссыздық 4,9% деңгейінде қалды.



## 6.2. Халықтың кірістері

## Халықтың нақты кірістердегі өсу қарқындарының төмендеуі

2015 жылдың қыркүйегінде орташа айлық номиналды жалақының өсуі 2014ж. қыркүйегімен салыстырғанда 2,6%-ды құрады. Сонымен қатар, осы кезеңде нақты жалақы индексі 1,7%-ға төмендеуді көрсетті. 2015ж. 9 айдың қорытындылары бойынша нақты ақшалай кіріс өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,5%-ға өсті.

